

Ж.А. Садвакасова

***Д.БРИНКЕРХОФ, Р.УЕЙТС, С. ОРТЕГАНЫҢ «ӘЛЕУМЕТТАНУ
НЕГІЗДЕРІ» ОҚУЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ***

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ж.А. Садвакасова

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы: «Жаңа гуманитарлық
білім: Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде әзірленген
Д.Бринкерхоф, Р.Уейтс, С. Ортеганың «Әлеуметтану негіздері»
оқулығын пайдалануға арналған
әдістемелік нұсқау**

Өскемен
2019

Садвакасова Ж.А. Барлық мамандықтардың 1,2 курс студенттеріне «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде әзірленген Д.Бринкерхофтың, Р.Уейтс, С. Ортеганың «Әлеуметтану негіздері» оқулығын пайдалануға арналған әдістемелік нұсқау. Өскемен: ШҚМТУ, 2019. – 19 бет.

Әдістемелік нұсқауда Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері» оқулығын пайдалануға арналған нұсқаулықтар берілген. Әрбір тарауға қысқаша түсіндірмелер беріліп, оқулықтың оқу үрдісіндегі орны, мақсаттары мен міндеттері айқындалған, студенттердің өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар берілген.

Әдістемелік нұсқау гуманитарлық білім беру факультетінің әдістемелік семинарында қаралып, мақұлданды
05.04.2019 ж. №8 хаттама

© Д.Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
Мемлекеттік Техникалық
Университеті, 2019

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы бойынша инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандарының қажеттілігі артуда, заман талабына сай сананың ашықтығы, прагматизм сынды қасиеттерді арту мәселесі өзекті болып тұр.

Жаһандану сындарына төзімді, жан жақты дамыған ұлт тағдырына жауапты жастарды жоғары біліммен қамтамасыз ету үшін тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге әлемнің озық оқулықтарын қазақ тілінде ұсынған.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде. «Әлеуметтану негіздері» оқулығы 15 тараудан тұрады. Онда қоғам және оның құрылымы, қоғамдағы түрлі әрекеттер, адамның рухани және материалдық мәдениеті, құндылықтар, девиация, әлеуметтену және тағы басқа көптеген тақырыптар қаралады. Кітапта әлеуметтанудың негізгі ұғымдары қандай, теориялық негізі және зерттеу әдістері қандай, әлеуметтанушы деген кім, олар қандай салаларда жұмыс істейді деген сияқты сұрақтарға жауап берілген. Сонымен бірге әлеуметтанушы мамандардың оқу орнындағы, үкіметтегі, бизнестегі, үкіметтік емес ұйымдардағы және қоғамдағы рөлі көрсетілген. Оқулық сыни ойлауға, интеллектуалдық пікірталасқа жетелейтін түрлі материалдармен жабдықталған. Визуалдық материалдар кең қолданылған – көрнекі суреттер, карталар және сызбалар. Жаңа зерттеулерден көптеген мысалдар келтірілген. Әрине, мысалдар негізінен АҚШ-қа қатысты. Сонымен қатар әрбір дәріс бойынша конспект дайындалды. Бұл сіздерге Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың кітабындағы негізгі ойлар мен ұстанымдарды нақтылауға, сараптауға бағдар көрсетеді. Бұған қоса, дәрістерде ойды тұжырымдау, талдау, тиянақтау мақсатын нақтылайтын сұрақтар қарастырылған. Бұл кітап студенттерге, магистранттарға және жалпы әлеуметтану негіздері бойынша мағлұмат іздегендерге өте пайдалы құрал.

1 ОҚУЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ, ОНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Зерделенетін оқулықтың қысқаша мазмұны

Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері» оқулығы – адамдардың әрекеттерін, оларды сол әрекетке итермелеп тұрған жалпы қоғамдық контексті түсінуге әсер ететін құралдарды ұсынады. Әлеуметтану жеке өмірімізде, елде және қоғамда кездесетін шағын ауқымды мәселелерді қарастырады. Шағын көлемде ол қарапайым адамдардың тұрмыс тіршілігін – отбасылы болу (кейде ажырасу), жұмысқа тұру, бала өсіру, көңіл көтеру сияқты жағдаяттарды қарастыруы мүмкін. Ал кең ауқымда әлеуметтану үйсіздік, денсаулық сақтау реформасы, қоршаған ортаның азуы, кедейлік және соғыс сияқты маңызды ұлттық және халықаралық мәселелердің түйінін іздейді. Бұл оқулық студенттердің әлеуметтану тұрғысынан ойлау қабілетін арттырып, осы сияқты проблемаларды жете түсініп, оларды шешуге құлшынысын арттыруды көздейді. Бұл кітаптың негізгі мақсаты – студенттерді әлеуметтанудың тұжырымдамалары мен бағыттарына қызықтыра білу. Бұл үшін қазіргі жастардың күнделікті өмірінен көп мысалдар келтірген.

1.2 Оқулықты зерделеу мақсаты мен міндеттері

«Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнмәтінінде студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады.

Оқулықтың міндеттері:

- негізгі әлеуметтанулық, саяси, гуманитарлық ұғымдарды, қоғам мен оның кіші жүйелерін зерттеуге арналған теориялар мен тәсілдерді меңгеру;
- қазіргі қоғамның және оның әлеуметтік институттарының жұмыс істеуінің негізгі принциптері туралы идеяларды қалыптастыру;
- заманауи қоғамның әлеуметтік мәселелерін сипаттау және талдау дағдыларын дамыту, әлеуметтік процестер мен механизмдердің мәнін өзара байланысын қалыптастыру;
- студенттердің әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін игеру.

1.3 Оқулықты зерделеу нәтижелері

Оқу нәтижелері тиісті білім беру деңгейінің Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттіліктер арқылы белгіленеді. Сонда бес басты оқу нәтижесі айқындалады:

Студент білу керек:

- қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын түсіндіру;
- ғылыми әдістер мен зерттеу тәсілдерін пайдалана білу;

- әртүрлі саладағы әлеуметтік қарым-қатынастың жағдайын түсіндіру; әлеуметтік және тұлғаралық қатынастар, тіл, мәдениет, саяси бағдарламалар, қазақ қоғамының әртүрлі кезеңде дамуы туралы ақпаратты нақтылау және негіздеу;

Студенттің білім мен ұғымды қолдануы:

қазақстандық қоғамдағы этикалық және құқықтық нормалар, қоғамдық, іскерлік, мәдени құндылықтар жүйесіне тең келетін түрлі қарым-қатынастағы әртүрлі жағдайларды сараптау;

нақты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық таңдауды негіздеу және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра білу;

ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық түрі немесе басқа да ғылымдар саласында қоғамдағы нақты жағдай қатынасын бағалау, болатын қауіп-қатерді ескере отырып оның даму болашағын жобалай алу;

Студенттің алған дағдылары:

- кәсіби әлеуметтегі, сонымен қатар, қоғамдағы шиеленістерді шешуде бағдарламалар жасай алу;

- түрлі қарым-қатынас аясында зерттеу жобалық қызметтерін жүзеге асыра алу, қоғамдық бағалы ілімді түрлендіру (генерациялау), оны жобалау;

- әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз пікірін дұрыс білдіре және дәлелді түрде қорғай білу.

2 ОҚУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

1 – ТАРАУ. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ІЛІМ

1 тарауда әлеуметтану дегеніміз не, әлеуметтік қиял туралы түсініктеме берілген. Әлеуметтанудың пайда болуы туралы, негізін салушы әлеуметтанушылар Конт, Спенсер. Маркс, Дюркгейм және Вебердің еңбектерін таныстырып өткен. Америка Құрама Штаттарындағы әлеуметтанушылар У.Дюбуа мен Д.Аддамстың еңбектеріне тоқталған. Әлеуметтанудағы негізгі көзқарастар: құрылымдық функционализм, конфликт, символдық интеракционизм теориялары туралы өте толық түсінік берілген. Зерттеу әдістері эксперимент, сауалнама, қатыса отырып бақылау, контент анализ, статистиканы пайдалануды жүзеге асыруды тәжірибе арқылы көрсеткен. Индивид және қоғам. Әлеуметтік орта мен әлеуметтік мінез-құлық. Әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік институттар. Әлеуметтену және бірегейлік. Әлеуметтік шынайылық пен ақыл-ой. Әлеуметтанулық ойлау. Әлеуметтанулық перспектива

2– ТАРАУ. МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІ

Мәдениетке кіріспе, оған деген теориялық көзқарас. Адам мінез құлқының негіздері, мәдениет пен биология туралы. Мәдениетті- мәселенің шешімін табатын құрал ретінде, салыстырмалы шама және әлеуметтік өнім ретінде қарастырған. биологиялық көзқараста мәдениетті таратушылар туралы деректер берілген. Тіл- мәдениеттің белгісі, символ және қалып ретінде үлкен дәріс арналған. Құндылықтар мен нормалар, дәстүрлер, .ғұрыптар, заңдар толығымен қамтылған. Әлеуметтік бақылау адам өміріндегі маңызды реттеуші фактор. Мәдени әркелкілік өзінің тақырыбында субмәдениет пен контрмәдениет терминдеріне түсінік беріледі. Ассимиляция мен мультимәдениет бөлімінде АҚШ пен Қазақстан арасындағы айырмашылықтарды көруімізге болады. Мәдени артта қалу мен рөлдік теориялар.

3- ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТЕНУ БӨЛІМІ

Адам болуды үйрену. Адамды бағып- қағудың қажеттілігі. «Мен» тұжырымдамасы. Әлеуметтану агенттері отбасы, қатарластар, мектептер, БАҚ, дін, қауымдастықтар. Өмір жолындағы әлеуметтену: балалық шақ, жастық, ересек, 65 жастан асқан кез туралы тәжірибелер қатары көрсетілген. Әлеуметтанулық зерттеу дизайны. Зерттеу мәселесі. Болжамдар. Айнымалылар. Іріктеу. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.

4- ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қоғам, теңдік және теңсіздік. Әлеуметтік эволюция Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде. Стратификация және дифференциация жүйелері. Әлеуметтік стратификация теорияларына қысқаша шолу (К. Маркс, М. Вебер). Әлеуметтік стратификация формалары (П. Сорокин). Әлеуметтік мобильділік. Көлденең және тік мобильділік. Негізгі институттар, олардың өзара тәуелділігі.

5 ТАРАУ. ТОПТАР, ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАР

Адами қарым-қатынастар. Әлеуметтік процестер. Айырбас. Ынтымақтасу. Бәсеке. Конфликт. Топтар. Топтың ауқымы. Диадалар. Триадалар. Топтың түрлері. Эталон топтар. Негізгі топтар. Case study: көгершін ұшырушылар және негізгі топтар. Қосалқы топтар. Топтағы өзара әрекет. Топтың көлемі. Топ мүшелерінің физикалық жақындығы. Коммуникация үлгілері. Ынтымақтастық. Топтық конформизм. Милгрэм эксперименті. Конформизмге жүргізілген соңғы зерттеулер. Шағын топтардағы конформизмді түсіндіру. Топтық шешімдер қабылдау. Таңдауды өзгерту. Әлеуметтік тораптар. Тораптағы ортаға тартылыс. Қуатты және әлсіз байланыстар. Қуатты байланыстар. Әлсіз байланыстар. Байланыстар мен топтар. Еріктілер қауымдастықтары. Қауымдастық. Компьютерлік тораптар мен қауымдастықтар. Кешенді ұйымдар. Бюрократияның “кемел түрі”: Вебер теориясы. Шынайы бюрократия: ұжым мәдениеті. Бюрократияға сын.

6 ТАРАУ. ДЕВИАНТТЫ (ҚАЛЫПТАН АУЫТҚЫҒАН) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ, ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Конформизм және девианттылық. Конформизмді түсіну. Девианттылықты анықтау. Девианттылыққа теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория. Жағымсыз мінез-құлық: шиеленіс теориясы. Конфликт теориясы. Қылмысқа анықтама. Қылмысқа қатысу. Символдық интеракционизм теориялары. Дифференциалды ассоциация теориясы. Қорқытып-үркіту теориясы. Ат таңу теориясы. Адамның девианттылығын түсіндіру. “Девиант” атының таңылуының түсіндірмесі. Case study: Девианттылықты медицина тұрғысынан түсіндіру. Қылмыс. Мүлістік қылмыстар және зорлық-зомбылық. Шағым жасалмайтын қылмыстар. Ақ жағалылар арасындағы қылмыс. Қылмыстың корреляциясы: жас, жыныс, тап және нәсіл. Жас ерекшелігі. Жыныстық айырмашылықтар. Әлеуметтік және таптық айырмашылықтар. Нәсілдік айырмашылықтар. Қылмыс үрейі. Қылмыстық сот төрелігі жүйесі, Неге жазалаймыз?. Полиция. Соттар, Түрмелер. Түрме баламалары. Девиация мен әлеуметтік бақылау. Девиация туралы

теориялық бағыттарды қысқаша шолу (әлеуметтанулық, биологиялық, психологиялық, экономикалық, мәдениеттанулық). Аномия мен қоғам. Деликвенттілік және қылмыс.

7 ТАРАУ. СТРАТИФИКАЦИЯ (ҚОҒАМДАҒЫ ТОПТАРДЫ ЖІКТЕУ)

Стратификация құрлымының түрлері. Касталық жүйелер. Таптық жүйелер. Таптар нешеу?. Маркс: буржуазия және пролетариат. Вебер: тап, мәртебе және билік. Әлеуметтік таптың нақты өлшемдері. Халықаралық деңгейдегі теңсіздік. Үш түрлі әлем: қарқынды дамыған елдер мен дамуы төмен елдердің арақатынасы. Құрлымдық-функциялық талдау: модернизация теориясы. Конфликті талдау: әлемдік жүйелер теориясы. Жаһандық теңсіздік және қарулы қақтығыстар. Жаһандық теңсіздік және соғыстар. Жаһандық теңсіздік және лаңкестік(терроризм). Case study: ислам терроризмі, АҚШ-тағы теңсіздік. Экономикалық теңсіздік. Әлеуметтік тап мәселелерінің салдары. Теңсіздік жөніндегі теориялық көзқарастар. Құрлымдық-функциялық теория. Сыни ескертулер. Конфликт теориясы. Сыни ескертулер. Символдық интеракционизм. Әлеуметтік тап деңгейінің детерминанттары. Микроқұрылым: жеке мүмкіндіктер. Макроқұрылым: еңбек нарығы. Америкалық арман: идеология және шындық. Жоғары ұтқырлықты түсіндіру. Әлеуметтік тап пен қоғамдағы өмір. Кедейлік. Халықтың кедей топтары. Кедейліктің себептері. Кедейлік сана-сезім. Өзгермелі жұмыс нарығы. Кедейлік шегінде өмір сүретін топтар/ Халықтың табысы төмен жіктері. Жұмысшы табы. Орта тап. Жоғарғы тап. Әлеуметтік тап және қоғамдық саясат. Лайықты еңбекақы талап ету қозғалыстары. Білім алу мүмкіндіктерін арттыру.

8 ТАРАУ. НӘСІЛДІК ЖӘНЕ ЭТНОСТЫҚ ТЕҢСІЗДІК

Нәсіл және этнос. Нәсілдік және этностық теңсіздіктерді түсіну. Нәсіл мен этностың әлеуметтік құрлымы. Көпшілік және азшылық топтар. Өзара әрекетке түсудің үлгілері. Плюрализм. Ассимиляция. Конфликт. Нәсілдік және этностық теңсіздіктің орнауы. Бұрмаланған пікірдің себептері. Бұрмаланған пікірге бейімделу: өздігінен орындалатын болжам. Дискриминация. Сегрегация. Case study: нәсіл/ этнос/ ұлт және сатып алу құқығынан айыру. Зандастырылған нәсілшілдік. Дискриминацияның артуы. АҚШ-тағы нәсілдік және этностық теңсіздік. Ақ нәсілді америкалықтар. Ақ нәсілділер. Ақ нәсілдің бірегейлігі. Ақ нәсілдің артықшылығы. Афроамерикалықтар. Латынамерикалықтар. Байырғы америкалықтар. Америкалық арабтар. Аралас нәсілді америкалықтар. АҚШ-тағы нәсілдік және этностық теңсіздіктің болашағы. Теңсіздікпен күрес: нәсіл ме әлде тап па? . Теңсіздікті жеңу стратегиялары. Жаңа нәсілдік/ этностық бөлініс пе? . Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік. Ұлт-мемлекет. Этникалық топтар мен олардың өзара тіршілік етуі. Этникалық мүдделер мен этникааралық қарым-қатынас. Этника аралық

және конфессия аралық келісім. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қоғамды этноәлеуметтанулық зерттеу.

9 ТАРАУ. ЖЫНЫС, ГЕНДЕР ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС

Жыныс пен гендерді түсіну. Жыныс пен гендер. Түрлі мәдениеттердегі гендерлік рөлдер. Гендерлік теңсіздікке теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория:еңбек бөлінісі. Конфликт теориясы:сексизм және дискриминация. Символдық интеракционизм:күнделікті өмірдегі гендерлік теңсіздік. Гендер әлеуметтік құрылыс және әлеуметтік құрылым ретінде. Гендерлік бірегейлік. Биологиялық айырмашылықтарды арттыру. «Гендерді қалыптастыру». Гендер-әлеуметтік құрылым. Гендерлік негіздегі денсаулық, білім және табыс теңсіздіктері. Денсаулық. Білім. Білім алу. Сала таңдау. Жұмыс және табыс. Түрлі кәсіп. әртүрлі табыс. Бірдей кәсіп. түрлі табыс. Гендер жіне билік. Әлеуметтік институттардағы билік теңсіздігі. Қарым-қатынастардағы билік теңсіздігі. Case-study:жыныстық қатынастарға итермелеу. Сексизмге қарсы күрес. Феминистік қозғалыс. Сексизм және нәсілшілдікпен күрес. Жыныстық айырмашылық әлеуметтануы. Жыныстық қатынас сценарийлері. Некеге дейінгі және жасөспірімдікжыныстық қатынас. Некедегі жыныстық қатынас. Жыныстық азшылықтар. Қоғамдағы гомосексуализм. Қорытынды. Сыни ойлау.

10 ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Денсаулық және денсаулық сақтау-әлеуметтік мәселе. Ауруға теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория:науқастың рөлі. Науқас рөлін анықтау. Науқас адам рөлін сынау. Конфликт теориясы:медикализация. Символдық интеракционизм теориясы:ауру тәжірибесі. Денсаулық пен аурудың әлеуметтік себептері. Алдын алуға болатын өлімнің себептері. Микродеңгейдегі жауаптар:денсаулыққа сенім үлгісі. Макродеңгейдегі жауаптар:ауру туғызушылар. Саулық пен науқастықтың әлеуметтік таралуы. Гендер. Әлеуметтік тап. Нәсіл және этнос. Жас. Case-study:бұрынғы Кеңес Одағындағы халықтардың өмір жасының қысқаруы. Менталдық аурулар. Психикалық аурулар саны қанша?. Психикалық ауруларға кімдер шалдығады?. Әлеуметтік тап ерекшелігі. Гендерлік ерекшеліктер. Денсаулық сақтау саласында жұмыс істеу. Дәрігерлер:кәсіби автономия үшін күрес. Дәрігерлердің табысы мен беделіне деген ықылас. Дәрігерлер мәртебесінің өзгеруі. АҚШ-тағы денсаулық сақтау саласы. АҚШ-тағы денсаулық сақтау құны. Жеке сақтандыру қорлары. Мемлекеттік бағдарламалар. АҚШ-тағы медициналық сақтандыруы жоқ адамдар. Медициналық сақтандыруды кеңейту үшін күрес. Басқа елдердегі денсаулық сақтау саласы.Ұлттық денсаулық сақтау саласы. Төмен бағамен жақсы күтім. Бұл бізге не береді. Қорытынды. Сыни ойлау.

11 ТАРАУ. ОТБАСЫ

Дүниежүзіндегі неке және отбасы. Жалпыға ортақ жайттар. Мәдениетаралық өзгешеліктер. Отбасы түрлері. Неке түрлері. АҚШ-тағы отбасылық өмір. Балалық шақ. Жастық шақ. Ересек өмірге өту. Ересек өмірдің басы. Жыныстық және романтикалық қарым-қатынас. Неке нарығын сұрыптау. Шектеулі неке нарығы. Орта жас. 65 жас және одан жоғары. Некедегі рөлдер мен қарым-қатынас. Некедегі гендерлік рөлдер. Отбасылық қарым-қатынастағы зорлық-зомбылық. Ата-ана рөлі. Өгей ата-аналар. Қазіргі заманғы отбасы. Некелесу ма әлде бірге тұрума?. Балалы болу керекпа, жоқпа?. Некесіз туған балалар. Жүктілікті кейінге қалдыру. Асырап алу. Баласыз өмір. Жұмыс пен отбасын қатар алып жүру. Ажырасу. Қоғамдық деңгейдегі факторлар. Бұл бізге не береді?. Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада. Отбасы типологиясы. Неке мен туысқандық. Отбасының әлеуметтік қызметтері. Отбасының әлеуметтанулық перспективалары. Отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі. Неке мен отбасының альтернативті формалары. Отбасы мен отбасылық қарым-қатынастарды салыстырмалы зерттеу. Қорытынды. Сыни ойлау.

12 ТАРАУ. БІЛІМ ЖӘНЕ ДІН

Білім және діни институттар. Білім беруге қатысты теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория:білім функциялары. Оқыту және білім беру. Әлеуметтену. Іріктеу. Өзгерістерге ықпал ету. Конфликт теориясы:білім және теңсіздіктің таралуы. Білім-капитализм құралы. Білім мәдениет құралы. Білім-адамның мәртебесін айқындаушы. Білім берудегі теңсіздік. Символдық интеракционизм:элиталық сабақтастық. Элиталық сабақтастық. Америка білім беру саласындағы қазіргі қайшылықтар. Бақылау. Аса маңызды тестілеу. Мектеп таңдау. Колледж және қоғам. Оқуға кім барады?. Колледжге не үшін бару керек?. Дінді түсіну. Дін деген не?. Дін не үшін керек?. Дін қазір неге керек?. Фундаментализмнің өсуі. Дінге теориялық көзқарастар. Дюркгейм:Діннің құрылымдық-функциялық теориясы. Діннің қарапайым түрлері. Діннің атқаратын қызметі. Маркс және басқалар:конфликт теориясы және дін. Вебер:дін-тәуелсіз күш. Протестанттық этика және капитализм рухы. Дін мен қоғам арасындағы шиеленіс. Ғибадатхана. Ғибадатхананың құрылымы мен қызметі. Секталар. Секталардың құрылымы мен қызметі. Жаңа діни қозғалыстар. Жаңа діни қозғалыстардың құрылымы мен қызметі. Case study:Ислам. Жалпыға ортақ Ислам:Мысыр және Иран. Секталық Ислам:Ислам фундаментализмі. Жаңа діни қозғалыс сипатындағы Ислам: «Ислам ұлты». АҚШ-тағы дін. АҚШ-тағы тенденциялар. Жаңа ғибадатханалардың қалыптасуы. «Дінсіздердің» көбеюі. Дінаралық тенденциялар. Діндарлықтың салдары. АҚШ-тағы азаматтық дін. Бұл бізге не береді?. Қорытынды. Сыни ойлау.

13 ТАРАУ. САЯСАТ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Саясат пен экономикаға кіріспе. Билік және саясат. Мәжбүрлеу. Бедел. Дәстүрлі бедел. Харизмалық бедел. Рационалдық-құқықтық бедел. Өкімет. Саясат. Билік және мемлекет. Мемлекет. Мемлекеттік юрисдикция. Мемлекеттік мәжбүрлеу. Авторитарлық жүйе. Демократия. Case study: Араб көктемі. Жаһандану және мемлекеттік билік. Жаһандану және азаматтық. Кім басқарады? АҚШ-тың демократиялық үлгісі. Құрылымдық-функциялық теория: плюралистік үлгі. Конфликт теориясы: билік-элита үлгісі. АҚШ-тағы жеке адамдардың басқаруға қатысуы. Кім дауыс береді?. Әлеуметтік тап. Жас ерекшелігі. Нәсілі және ұлты. Қандай партия?. Сайлаушылар неге аз?. Case study: бұрын сотталған адамды сайлау құқығынан айыру. Жаңа экономикалық жүйелер. Капитализм. Социализм. Аралас экономика. Саяси экономика. Жекешелендіру және АҚШ-тың саяси экономикасы. АҚШ-тың экономикалық жүйесі. Постиндустриалдық экономика. Корпоративтік экономика. Wall-mart экономикасы. Дағдарыс кезіндегі экономика. АҚШ-та жұмыс істеу. Кәсіп түрлері. Кәсіби мамандық. Кәсіпқой емес мамандар. «Көлеңкелі экономика» жұмыспен қамтылғандар. Жұмыссыздық және жұмыспен толық қамтылмау. Жұмыстың болашағы. Тұрақсыз жұмыстардың көбеюі. Экономикадағы өзгерістер. Технологияның әсері. Жаһандану және болашақ. АҚШ-та жұмыс орнын қорғау. Бұл бізге не береді?. Қорытынды. Сыни ойлау. Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Экономикалық жүйелерді компаративистік талдау. Еңбек нарығы мен ұмысбастылық құрылымы. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік- экономикалық жүйеде. Рационалдылық мәдениеті. Прагматизм мен жоспарлау..

14 ТАРАУ. ХАЛЫҚ САНЫ ЖӘНЕ УРБАНИЗАЦИЯ

Аз және көп халық. Халық санының өсуін түсіну. Бұрынғы кезеңдегі халық саны. Батыстағы демографиялық өзгерістер. Өлім-жітімнің азаюы. Фертильдік коэффициенттің төмендеуі. Батыстан өзге аймақтағы демографиялық өзгерістер. Халық және әлеуметтік құрылым: екі мысал. Гана: бала туу көрсеткіші тым жоғары ма?. Әлеуметтік рөлдердің бала туу көрсеткішіне әсері. Туудың төменгі көрсеткіштерінің қоғамға әсері. Саяси жауаптар. Халық және әлеуметтік мәселелер: екі мысал. Экологиялық апат: халық санына әсері бар ма?. Дамуы төмен елдердегі кедейлік. Саяси жауаптар. АҚШ-тағы халық саны. Туу көрсеткіштері. Өлім көрсеткіштері. Миграция үлгілері. Иммиграция. Ішкі иммиграция. Урбанизация. Қала халқының өсуі мен азаюы туралы теориялар. Құрылымдық-функциялық теория: қала экологиясы. Конфликтологиялық көзқарас: ақ нәсілділердің үдере көшуі және үкіметтің субсидиясы. Заманауи қалалардың болмысы. Индустриалдық қала. Постиндустриалдық қалалар. АҚШ-тағы урбанизация.

Дамуы төмен елдердегі урбанизация. Тұрғылықты жер және әлеуметтік байланыстар. Қаладағы өмір. Теориялық көзқарастар. Күнделікті қала өмірі. Қала сыртындағы өмір. Қала сыртындағы өсім. Қала маңы аудандарының мәселелері. Шағын қаладағы және ауылдағы өмір. Бұл бізге не береді? Қорытынды. Сыни ойлау.

15 ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР

Қоғам қалай өзгереді?. Ұжымдық мінез-құлық. Әлеуметтік қозғалыстар. Әлеуметтік қозғалыстарға теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория:салыстырмалы депривация. Конфликт теориясы:ресурстарды жұмылдыру. Символдық интеракционизм теориясы:саяси процесс. Қозғалыстар неге сәтті немесе сәтсіз аяқталады?. Әртүрлі ұйымдар және әдістер. Ресурстарды жұмылдыру. Қалыпты теңестіру. Кері қозғалыстар. Case study:экологиялық қозғалыс қалай жұмыс істейді?. Экологиялық саясат үшін күрес. Экологиялық қозғалыстың болашағы. Технология. Технология және әлеуметтік өзгерістерге теориялық көзқарастар. Құрылымдық-функциялық теория:технология және эволюциялық әлеуметтік өзгерістер. Конфликт теориясы:технология,билік және әлеуметтік өзгеріс. Жаңа технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері. Жаңа репродуктивті технологиялар. Ақпараттық технологиялар. Технологиялық императив. Үлгілі апаттар. Бұл бізге не береді?. Қорытынды. Сыни ойлау.

3 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

3.1 ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕМДІ ТҮСІНУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТАНУ

- 1 Басты үш әлеуметтанулық бағыт тұрғысынан (құрылымдық, функционализм, қалыптасу теориясы, символдық интеракционизм) қоғамдағы кез келген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы эссе-негіздеме жазыңыз
- 2 Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі туралы эссе дайындаңыз. «Әлеуметтанулық қиял» түсінігіне анықтама беріңіз Қазіргі адамға нәліктен «әлеуметтанулық қиялды» меңгеру мен әлеуметтанулық перспективаны көре алу маңызды екендігін түсіндіріңіз.
3. Әлеуметтанулық қиялды бағыт ретінде қолдана отырып, қазақстандық және өзге қоғамдардағы баспанасыз адамдардың әлеуметтік жағдайын сипаттаңыз.

3.2 ӘЛЕУМЕТТАНУ ТЕОРИЯЛАРЫНА КІРІСПЕ

- 1 Әр түрлі әлеуметтанулық мектептердің, ағымдардың, теориялық бағыттардың, негізгі идеяларын кесте түрінде салыстырыңыз, өкілдері мен олардың басты еңбектерін көрсетіңіз (О. Конттың, Г. Спенсердің, Э.Дюркгейм)
2. Атақты әлеуметтанушы–теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюркгейм, М.Вебер, Г.Зиммель) ойы туралы баяндама жазыңыз. Негізгі жұмыстарын айқындаңыз және әлеуметтанулық теорияларының тұжырымдарын жазыңыз

3.3 ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

- 1 Кесте құрыңыз.
- 2.Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі кезеңдерін сипаттап беріңіз. Әлеуметтанулық әдістердің (сұрау, бақылау, эксперимент, контент-талдау, статистикалық мәліметтерді талдау) ерекшеліктерін талдаңыз.
- 3.Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасын құру. Тақырып таңдау бойынша (дайындау алгоритмі: зерттеу сұрағын, болжамды айқындаңыз, ұғымдарды тұжырымдап беріңіз; іріктеу жиынтығын есептеңіз)
- 4.Әлеуметтанулық зерттеудің сандық және сапалық әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңыз

3.4 ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ СТРАТИФИКАЦИЯСЫ.

- 1 Стратификацияны зерттеудің әр түрлі бағыттарын салыстырыңыз, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз
- 2.«Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері» тақырыбы бойынша

топтық жоба (3-4 адаммен бірге отырып, топтарға бөліңіз)дайындаңыз, мысал келтіріңіз

3.5 ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІК

- 1.«Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері» тақырыбында презентация дайындаңыз
2. «Әлеуметтену агенттері» тақырыбын қарастырып, әлеуметтенудің әрбір агентін сипаттаңыз. Сіздің әлеуметтануіңіздегі оның рөлін талдаңыз
3. « Жеке адамдар «әлеуметтік тіршілік иелері» ретінде» тақырыбында эссе-баяндама жазыңыз

3.6 ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

- 1 Отбасындағы гендерлік рөлдерді (іскерлік ойын әдісін қолдана отырып) талқылаңыз.
2. «Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі ретінде» тақырыбында презентация дайындау үшін модельді құру (дайындау алгоритмі: отбасыны қоғамның кішігірім жүйесі ретінде қарастырыңыз; негізгі құрылымдық элементтері мен қызметтерін сипаттаңыз; отбасыға әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды айқындап беріңіз).
3. Отбасының рөлі мен маңыздылығының адам өмірінің әр түрлі кезеңінде өзгеруін қарастырыңыз және талдаңыз.Отбасыңыздың мүшелері негізінде қарастырыңыз.

3.7 ДЕВИАЦИЯ, ҚЫЛМЫСКЕРЛІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ

1. Дж. Ритцердің еңбектерін қолдана отырып,суицидтың негізгі түрлерін айтып беріңіз және талдаңыз.
- 2.Сараптамалық шолу. Э.Дюркгеймнің «девиация әрбір қоғамның қалыпты құрамдас бөлігі» деген тұжырымына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.
3. Г.Тардтың еліктеу теориясы мен Эдвин Г.Сазерландтың дифференциалдық ассоциация теориясының негізгі идеяларын түсіндіріңіз. «Әлеуметтік орта адамның девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді» деген тұжырыммен келісесіз бе? Әлеуметтанулық сұрау негізінде алынған келесідей қорытындыны дәлелдеңіз немесе жоққа шығарыңыз: «Жоғары сыныпта қатарластар ішімдік пен нашаны қолдануға әсер етеді».

3.8 ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

- 1 Мәдениет элементтерін атаңыз және сипаттаңыз – тіл, құндылықтар, нормалар, дәстүрлер және т.б.
2. Әлеуметтік институт ретінде діннің қызметтерін анықтаңыз. Қоғам мен дін арасында қандай қарама-қайшылықтар туындайтынын айқындаңыз

3.9 ЭТНОС ЖӘНЕ ҰЛТ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

- 1 «Этнос», «халық», «ұлт», «этникалық топ» ұғымдарын салыстырыңыз
- 2 Этникалық топтар арасындағы өзара байланысты сипаттаңыз.

3.10 БІЛІМ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК

- 1 Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы кестені құрыңыз. Топтық жұмыс (4 адамнан көп емес). (Европа, шетел мысалымен салыстырыңыз)
2. Білім адамның мәртебесін айқындайтын басты фактор болу себебін негізді түрде түсіндіріңіз.

3.11 МАСС-МЕДИЯ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР

- 1 Бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникация, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өміріне қалай әсер ететіні туралы эссе жазыңыз.
- 2.Топтағы коммуникацияның негізгі түрлерін ашып көрсететін схема дайындаңыз

3.12 ЭКОНОМИКА, ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК

- 1Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің – капитализм, социализм, аралас экономика,саяси экономиканың - ерекшеліктерін талдап беріңіз
- 2Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмның рөлі

3.13ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

- 1Гендер, әлеуметтік топ, жыныс, этнос, жас секілді денсаулық пен аурудың әлеуметтік сипаттамаларын бағалау маңыздылығын түсіндіріңіз.
- 2 Дәрігерлер мен медбикелердің әлеуметтік жағдайы мен әлеуметтік мәртебесін талқылаңыз.

3.14 ХАЛЫҚ, УРБАНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

- 1 Қоғамдағы урбанизация үдерісі мен миграциясының өзара байланысын анықтаңыз. Мысалдар келтіре отырып, Қазақстан ерекшелігін көрсетіңіз.
- 2 Бір мемлекет мысалында дамудың ерекшеліктерін ашыңыз.Орын алған демографиялық өзгерістер мен олардың қоғамға әсерін талқылаңыз.

3.15 ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР: ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ПІКІР ТАЛАСТАР

1 «Әлемде соңғы жарты ғасырда болған қоғамдық қозғалыстар: қоғамға әсер ету түрлері, себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастар» тақырыбы бойынша жеке презентация.

2«Әлеуметтік өзгеріс» ұғымына анықтама беріңіз.

3Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеудің негізі әлеуметтанулық бағыттарын салыстырыңыз: құрылымдық-функционалдық, қақтығыс теориясы, символдық интеракционизм.

ҚОРЫТЫНДЫ

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы жариялануына байланысты ұлтымызды ұлықтау мақсатында қазақ тілін де ғылыми жаңғырту оқулықтар арқылы жүзеге асырылуда.

Оқулық дегеніміз – ұлттың санасын қалыптастыратын дүние. Әлемнің таңдаулы оқулықтарын аудару арқылы білім, ғылым саласындағы озық ойды жастардың санасына құйып, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тең ойлай алатын, бәсекелесе алатын ұлтты қалыптастырамыз.

Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері» қоғам мен оның құрылымы, қоғамдағы түрлі әрекеттер мен мінез-құлықтар туралы, адамның рухани мәдениеті мен құндылықтары жөнінде кең мағлұмат береді.

Оқытушылар мен студенттер оқулықтың өн бойынан сыни ойлауға, интеллектуалдық пікірталасқа жетелейтін түрлі материалдарды таба алады. Студенттердің оқуына жеңіл, қызықты етіп жазылған. Визуалдық материалдар көп пайдаланылуымен ерекшеленеді.

Еліміздің айқын мақсаты 30 елдің қатарына қосылу үшін кез-келген сынға төзімді, бәсекеге сай бола білуіміз қажет. Қазақстанның әлеуметтік жағдайын көптеген елдермен салыстыра отырып, білім саласындағы реформалар, денсаулық саласындағы жағдайлардың жоғары деңгейіне осы оқулықтағы мысалдар арқылы көз жеткіздік. Шынайы мысалдар мен уақыт талабына сай болуы арқылы құндылығы одан сайын артады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері, Астана 2018.
2. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2016. – 584с.
3. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 224б.
4. Грушин Б.А. Мнения о мире и мир мнений. М.: Практис, ВЦИОМ, 2011.
5. Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с.
6. Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2016.
7. Дж. Ритцер, Дж. Степниcki. Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
8. Гидденс Э. Социология / При участии К. Бердсолл: Пер. с англ. Изд. 2-е, полностью перераб. и доп. М.: Едиториал УРСС, 2005. — 632 с.
9. Ритцер Дж. Современные социологические теории. 5-е изд. — СПб.: Питер, 2002. — 688 с.
- 10 <https://openu.kz>
- 11 <https://kitap.kz>